

## ТЭРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: **бөбекжай-балабақшасы «Дарын»**

Топ: **ортанғы «Еркетай»**

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.12 - 29.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні \_Курманбаева Ж.К.

<b>Апта күндері</b>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<b>Жұма</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызын, сыртқы келбестін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. ( <b>сөйлеуді дамыту</b> )				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа занды өкілдерімен кеңес, әнгімелесу</b>	Ата-аналарға "Егер бала ашуланшақтық сезіміне жиі бой алдыrsa" тақырыбында кеңестер беру; ата-аналарға баланың үйдегі тәртібіне көмек көрсету.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз құмылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды карау және басқалар)</b>	<p><b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды кітаптарды құрметтеуге, оларды уақытында жапсыруға, барлық кеңсе құралдарын дұрыс қолдануға үйрету. <b>(енбек дағдылары)</b></p>	<p><b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне топтық бөлмеде тазалықты сақтауга көмектесу, атап айтқанда, орындықтардың тазалығын қадағалау (дымқыл шүберекпен сұрту, оку қызметінен және тамақтан кейін орындарына қою). <b>(енбек дағдылары)</b></p>	<p><b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне қуыршақтың киімдерін жуу кезінде көмектесуге үйрету, жұмысты бастамас бұрын (жуу) арнайы жұмыс алжапқыштарын киуге, жууга және кептіруге қажетті барлық керек-жарактарды, ез жұмыс орын дайындауға, барлық қажетті құралдар мен материалдарды қолдана білуге үйрету. <b>(енбек дағдылары)</b></p>	<p><b>"Киім шкафын реттеу"</b> (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп). Мақсат-міндеттері. Балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауды үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сөрелерді сұртіп, киімдерді қайта орнына тиянақты түрде жинау. Тәртіпке бағынуға, сибексүйгіштікке тәрбиелу. Ұжымдағы үйымшыл еңбекке үйрету.</p>	<p><b>"Кірлемеген орамалдарды ауыстыру".</b> Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыштарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұшыққа ілуді үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесу ниесттерін тәрбиелу. <b>(енбек дағдылары)</b></p>

<p><b>КР. Гимнін орындайды.</b> Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. <b>(музыка)</b></p> <p><b>"Зейінділік пен байқампаздық".</b> Жүргізуші сайланады. Қалған ойыншылар сол жүргізуши есте сақтауы тиіс дene қалыбын ұстайды. Артынша жүргізуши бөлмeden шығады, ал ойыншылар (өзара келісіп) киімдерінде, дene қалыптарында біркатаp өзгеріс жасайды. Кірген жүргізуши барлығын бұрынғы күйіне келтіруі тиіс. Егер жүргізуши барлық өзгерістерді тапса, ол ең байқампаз атанады. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап түрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп көбейтуге болады. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>"Айна".</b> Балаға қарама-карсы тұрып, әртүрлі қымыл-қозғалыстар көрсетініз. Ол "айна", сол қымылдарды қайталауы тиіс. <b>(сөйлеуді дамыту, дene шынықтыру)</b></p>	<p><b>"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілері туралы білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау. <b>(сөйлеуді дамыту, коршаған ортамен танысу)</b></p> <p><b>Суреттерге қарап.</b> Мақсат-міндеттер. "Жана жыл" тақырыбында суреттерді көрү. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>"Суретті құрастыр" үстел-үсті ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын тәрбиелеу. Барысы: қорапта әр түрлі заттар бейнеленген тұтас суреттер болады: жана жылдық сыйлықтар, ойыншықтар, шырша. Екінші қорапта дел осы суреттер төрт бөлікке бөлініп салынған. Педагог балаларды суреттермен таныстырады. Олар суретте не бейнеленгенін атап айтады. <b>(танимдық дағдылар)</b></p> <p><b>Коршаған ортамен танысудан ойн-жаттығу</b> "Тийн". Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгілдерінде табигатты бақылау дағдыларын дамыту; тийннің сыртқы түрі мен қыстағы тіршілік қалыптарын түсініктерін көңейту; жанды табигатқа қызығушылықтары мен бастамаларын және жауапкершіліктерін қалыптастыру; қыс</p>	<p><b>"Ұқсайды – ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын.</b> Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үрету; байқағыштығын, ойлауды, тілін дамыту. Ойын ережесі: екі затты алып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді. Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу. <b>(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</b></p>

				кызығы туралы ұфым беру.	
Ертеңгілік жаттығу	<b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> 1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, атластық таспаны ұстаган қолдарды алда ұстau; 1-1 атластық таспаларды жоғары көтеріп, онға және солға желпу (6-8 рет қайталau); 1-2 бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып тік тұру, атластық таспаларды екі қолмен ұстau; 2-1 жерге отырып, атластық таспаларды иық тұсына қою; тұрып, атластық таспаларды алға қою (4-5 рет қайталau); 2-2 бастапқы қалыпқа келу; 3. Екі атластық таспаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дene шынықтыру)</b>				
Таңғы ас	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<b>Шаттық шенбері</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көніл-күй мен үйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Куанамын мен де Куанасың сен де, Куанайық достарым! Арайлап атқан құнг! <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	<b>Шаттық шенбері</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көніл-күй мен үйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Бақыт толы шенберге, Шаттық толы шенберге, Кол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	<b>Шаттық шенбері</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көніл-күй мен үйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кайырлы тан балалар! Жарқырады қаламыз, Жайнай түсті даламыз, Кайырлы тан балалар! Аман Отан панамыз, Аман ата-анамыз, Кайырлы тан балалар! <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	<b>Шаттық шенбері</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көніл-күй мен үйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шенберге, Тұрганымды калайды <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	<b>Шаттық шенбері</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көніл-күй мен үйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шенберге, Тұрганымды калайды <b>(сөйлеуді дамыту)</b>
Мектепке дейінгі үйим кестесі бойыниша	<b>Дене шынықтыру</b> "Жана жыл күттү болсын!"	<b>Дене шынықтыру</b> "Қалай	<b>Музыка</b> "Шырша түбіндегі	<b>Дене шынықтыру</b> "Қыста дөңнен	<b>Қазақ тілі</b> «Қыс бізben қар атысып ойнайды».

ұйымдастырылған іс-әрекет	Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру іскерліктерін дамыту; жүгіру кезінде балалар бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларына жаттықтыру.	сырғанайтынымызды көрсетейкіш". Мақсат-міндеттер. Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа журу, тізені биікке көтере отырып жүргүре үрету; бір аяқтан бір аяққа секіру, тұра секіру дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттін жетілдіру.	сыйлық". Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша туралы әнге қызыгуышылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үрету; музыка жетекшісімен және топпен ілесе ән айту қабілеттін жетілдіру; әндегі ыргақты сезіне білу қабілеттін дамыту.	сырғанаймыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа журу, тізені биікке көтере отырып журу іскерліктерін жетілдіру.	Қыс жыл мезгілі Мақсат-міндеттер. Қар туралы шағын өлең жолдарын қайталап оку, сөздерді анықтап айтуды үрету; жақсы көніл күйлерін білдіруді үрету. Қазак тілін түсінуді, «қыс» сөзімен қарапайым сөз тіркестерін жасауды, сәйкесінше, сын есімдердің жалғауларын өзгертуді үрету. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, есту арқылы қысқы табигатқа туралы ақпаратты қабылдаудын дамыту. «Қыс» тақырыбы бойынша сейлесуді есту арқылы қабылдаудын, есту зейінін, көру арқылы қабылдаудын, ойлау қабілеттін, жағымды эмоцияларын көрсете білу қабілеттін дамыту. Байқаыштық қасиеттерін, сұлулық сезімдерін, көркем сөзге құштарлығын дамыту.
2-танды ас	Балаларға тамақ ішер алдында колды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астын дәмді болуын тілең; тамақтан соң алғыс айту. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әнгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киоін қадағалау. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )				
Серуен	<b>Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау.</b> (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Болжау. Аязды күні кар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сүмен жуын. <b>Мақал-мәтел</b> Қыс қандай болса, жаз да осындей. Байқау: Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады , қар жабысқақ , акқала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру , ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауга болмайды. Ауа қысымының	<b>Күннің ұзақтығын байқау.</b> (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақал-мәтел. Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ. <b>Бақылау:</b> желтоқсанда күн қысқа, тұн ұзақ, соған назар аудару. Балалардың сөздік қорының құрамына көніл бөлү, табигатқа қызыгуышылығын арттыру. <b>Қимылды ойын.</b>	<b>Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай?</b> (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақал-мәтел. Желтоқсанда қыс ақ мамық тессейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады. <b>Бақылау:</b> қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көнілін аударту. Кішкентай	<b>Ағаш пен бұталарды бақылау (ағаштар:</b> қайын, шырша, алма ағашы; бұталар: жұпарғұл, шие). (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. «Қарағай».	<b>Құстарды бақылау (сары шымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін).</b> (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. Шыр-шыр еткен торғайды. Қорғамасаң болмайды, Кіп-кішкентай торғайлар, Бақшамызды қорғайды. Жұмбак. Қалқып тұрып аспанда, Үн шығарып сан қылы, Өнеріне басқанда, Тұла бойын балқиды. (Бозторғай) <b>Бақылау:</b> құстардың атаяуын есте

<p>өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.</p> <p><b>Кімұлды ойын: «Бәйге» (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды әртүрлі жарыска қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді) Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне куануға үйрету.</p> <p><b>Еңбек:</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Қардан жолды тазартуга тәрбиешіге көмектестіру.</p> <p>Тәжірибе. Қардың қасиеттері.</p> <p>1. Аязды құні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады.</p> <p>2. Қарга су құйсан, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады.</p> <p>Кортынды. Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық.</p>	<p><b>«Бермеймін».</b> (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қалың қар үстінде шенбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. Балаларды күшті болуға, шыдамдылықпен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелуе.</p> <p><b>Еңбек:</b> ауланы түскен бұтақтардан жинастыруға, тәрбиешіге ынталандыру, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету.</p> <p><b>Өз бетімен ойындар:</b> балалардың ойын уақытында бір-біріне деген қарым-қатынасын түзету, қылықтарымен істерін айқындау, өз көзқарасында тұрақты болу; құрдасының ойы мен өзінің ойын сәйкестендіріп, ойыншықтарды, рөлді және міндеттерді бөлісудегі кимыл іс-әрекеттерін сырпайы түрде анғарта білуін дамыту.</p>	<p>ағаштар үшкір дәңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағаштың күтүге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол калың қарды ақырындал түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табигатты сүюге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету.</p> <p><b>Кімұлды ойын «Аю апанында».</b> (дене шынықтыру)</p> <p>Балаларды әртүрлі бағытта жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету.</p> <p><b>Еңбек:</b> бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байту.</p> <p><b>Өз бетімен ойындар:</b> өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту.</p>	<p>Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы сұлулығына аудару (жапырақ жоқ). Ағаштың сыртқы түрлерін ажыратада білуге жаттықтыру (ағаштың пішіні, бұтаның орналасуы, тамырдың түрі мен сыртқы пішіні); ағаштар: терек, қайын, шырша, гүлшетен, алма ағашы; бұталар: долана, жұпарғұл, шие. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының тез сынғыш болатынын түсіндіру.</p> <p>Балаларды ағаштарға сүйіспеншілікпен қарауга тәрбиелуе.</p> <p><b>Кімұлды ойын «Шаңғы жарысы».</b> (дене шынықтыру)</p> <p>Дыбыс белгісіне көніл бөлу (шанада отырып, аяқпен итеру; үстінде отырып, қолмен итеру).</p> <p>Дене шынықтыру әрекетінде алған білімдерін іс жүзінде колданып, жарыстарға қатысуға ынталандыру.</p> <p><b>Еңбек:</b> ағаш және бұта түптеріне қарды үю және сәйкестің маңыздылығын білуге үйрету. Жақсы ынталамен сәйкестенуге тәрбиелуе.</p> <p><b>Өз бетімен ойындар:</b> алдын-ала ойын такырыбына келісіп, рөлдерді бөлу, 3-4</p>	<p>сақтау, ұшып келетін құстарды белгіліріне сай ажыратада (көлемі және түстеріне байланысты). Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету (саусықанның кадамы ұлкен; торғай екі аяғымен секіреді; көгершін - жи, ұсақ қадамдар жасайды т.б.) Құстарға қыста азық табу киын болатындығын түсіндіру.</p> <p>Оларды қосымша тамактандырып тұру керектігін түсіндіру.</p> <p><b>Кімұлды ойын «Қарғалар».</b> (дене шынықтыру)</p> <p>Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру</p> <p><b>Еңбек:</b> қыстың құні құстарға далада тамақ беруге баулу.</p> <p>Берілген тапсырмаға жауапты болу: өз еңбекіне қанағаттана білу.</p> <p><b>Өз бетімен ойындар.</b></p> <p>Балаларға өз рөлдерін және құрбыларының рөлдерінің мазмұнын есте сақтай білуге үйрету; ойын барысында балаларды 2-3 рөлде ойнауға баулу; бағыну, басқару, тенденциялардың қарым-қатынас ережелерін білу.</p>
---	---	--	---	--

				баладан тұратын ойын топтарында бастаушылардың қимыл-әрекеттеріне басшылық жасау.	
Серуенниен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтенкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; көбік пайда болғанша қолдарын көбітіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сұлгімен құргату. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адаптация, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b>				
Түскі үйқы	Балалардың тыныш үйқітауына жайлай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Біртіндеп үйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	"Мейірімді мысық"; (белді бүгіп, басты жоғары көтеру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дene шынықтыру)</b>				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Қолғап". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Қолғап" ертеғісінің қызықты мазмұнымен таныстыра отырып, ертеғіні әңгімеледе барысында кейіпкерлердің бейнесі мен сөзін мұқият есте сактауға үйрету.  <b>Коршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Менің сүйікті қалам". Мақсат-міндеттер. Балаларды сүйікті қаламыз Алматымен таныстыра отырып, қала туралы	<b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Кардан мұнараларды салайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі қарама-қарсы заттарды биіктігі мен ені бойынша тұстастырып, салыстыруға, нағайесін сөзбен жеткізуге үйрету; заттардың ұзын немесе қысқа, кең немесе тар екенін тұстастыру және бірліктердің	<b>Мұсіндеуден ойын-жаттығу</b> "Аққала". Мақсат-міндеттер. Балаларға аққала туралы түсініктерін тиянақтау, аққаланың дене күрылымы жөнінде білімді жетілдіру; аққаланың қардан жасалған мұсін екеніне көз жеткізу; қысқы ойын-сауыктар түрлерімен таныстыру. <b>Саясақ жаттығуы.</b> <b>"Қарды қолмен</b>	<b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Күйршақ Дананы серуенге шыгару" такырыбына әнгімелесу. Мақсат-міндеттер. Балалармен қысқы киімдер жөнінде әнгімелесу, сөздік ойын барысында адамның қыста кийн тәртібінің ерекшеліктерін көрсету.  <b>Драматизация.</b> "Қызыл телпек" ертеғі желісін маскамен	<b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Аққала". Мақсат-міндеттер. Балаларды тіке жатқан қағаз бетінің ортасына көк қарындаш арқылы аққала бейнесін салуға үйрету; сурет салуда үлкен, кішкентай дәңгелектерді қатарымен іргелес салып, бейнені қосымша детальдармен толықтыруды жаттықтыру; үлкен және кішкентай дәңгелектерді аққаланың денесі мен басы деп тануға үйрету.  <b>Музықадан ойын-жаттығу</b> "Қыс әні". Мақсат-міндеттер. Балалардың шулы

	<p>көркем сөздерді мәнерлеп оку; Алматы қаласы туралы мәліметтерді зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету.</p> <p><b>"Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер"</b> дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: үй жануарларын ажыраты білуге, оларды төлдерін ажыраты білуге, жануарларды құте білуге, қамқорлыққа ала білуге тәрбиелуе. Барысы: ойыншық үй жануарлары үстел үстінде тұру керек. Балалар ойыншықтарды мұқият қарап алады. Педагогтің белгісі бойынша көздерін жұмады, сол кезде педагог үй жануарларын бір төлін тығып тастайды. Педагог ненің төлі жоқ деп сұрайды? Балалар жауап беру керек. Ойын бірнеше рет жалғастырылады.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, қоршаган ортамен танысу, қазақ тілі)</b></p>	<p>(кірпіштердің) сандарына қарап салыстыруда жаттықтыру; есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеуді, зейінді, ой ерісін дамыту.</p> <p><b>Драматизация.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>"Айна" ертегі желісін алжапқыш театрын қолдану арқылы сахналуа.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)</b></p> <p><b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b></p> <p>"Төбешіктен сырғанайық".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды, текшелерді бірінің үстіне бірін қою, екі қарама-қарсы жақтан тағы бір текшені және призманы жаққа салып, тіреу амалдарын машиқтандыру, төбешікті жасауға үйрету.</p>	<p><b>жинайық".</b></p> <p>Қарды қолмен жинайық (алақандарды өзінен ары қаратып, ашып-жабу), Алаканда қысайық (екі алаканды айқастыра қосып, бір-бірін құшактап, қысу; орындарын алмастыру), Қысып-қысып (алақандарды жеке жұдырықтарға қайтактая қысып, ашу), Дөңгелектеп, (жұдырықтарды айналдыру)</p> <p>Тұзу жолмен айдайық (алақандарды өзінен ары қаратып, ашып-жабу).</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>	<p>сахналуа.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)</b></p> <p><b>"Қыста не болады?"</b> дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>қыстың белгілері туралы ойларын дамыту.</p> <p>Барысы: ойын "Жыл мезгілдері" үстел ойыны арқылы ойналады.</p> <p>Балалар қыста бейнеленген ұлken суреттерге жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай суреттерді алады.</p> <p><b>(қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>әннің сипаты мен төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту; музықадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p><b>"Шырша" тақпагын айтқызу.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпактар айтқызу.</p> <p>"Шырша" (Әдібай Табылдиев) Қызық-думан құн келді, Жасыл шырша түрленді. Аяз сүйіп, терледі, Үйге кірді төрледі.</p> <p>Сылдырайды моншагы, Шыршамыздың мол шамы.</p>	<p><b>"Күміс қар" тақпагын айтқызу.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпактар айтқызу.</p> <p>"Күміс қар" (Әли Ысқабаев)</p> <p>Қырларды жапты күміс қар,</p> <p>Далада жаңа тыныс бар. Бұталар жалт-жұлт етеді</p>	<p><b>"Қыс" тақпагын айтқызу.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпактар айтқызу.</p> <p>"Қыс" (Ізтай Мәмбетов)</p> <p>Жаңа айлардың жаңа қары</p> <p>Жапалақтап жауады.</p> <p>Жайлы бір леп таралады, Жаңғыртады ауаны.</p>	<p><b>"Жаңа жыл" тақпагын айтқызу.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпактар айтқызу.</p> <p>"Жаңа жыл" (Хамит Ергалиев) жағластыру.</p> <p>Жаңадан көп түрлі Машина бергейсін, Жаңадан көк сырлы Үйлерге кіргейсін.</p> <p>Жаңа жыл! Жаңа жыл!</p>	

	<p>Бізбен бірге жайдары Жарқырады, жайнады.</p> <p>Арайланды шыршамыз, Айналамыз баршамыз! <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>	<p>Кәдімгі бейне хрусталь. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>	<p>Үйқыдағы баладайын, Баладайын пәк жүрек. Үйып қапты қырда қайың,</p> <p>Киім киіп ақ жібек. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>	<p>Бауырсақ, балмұздак, Концертке ... молсың ба? Бізді алға барғызбақ, Сен жаңа жылсың ба? <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>	<p>Жаңалық ізде сен! Жаңа ән, жаңа жыр Жазып бер бізге сен! <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әнгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтенекесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Серуен</b>	Тұсқі серуендерін бақылауды жалғастыру. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алууды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуда машиқтандыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Кешкі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастанхан үстінде, Қол жумай оны ұстамас.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертеғілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</b></p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. <b>(музыка)</b></p> <p>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. <b>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)</b></p> <p>Табигат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Еркін рөлдік ойындар.</p>				
<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b>	"Жаңа жылдық костюмдер" жеке әнгімелесу (костюмдер туралы кеңестер).	Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айтуда, апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әнгімелесу.	Кеңес. "Балаларға ойнауга көп мүмкіндік беріңіз".	Ата-аналарға кеңес. "Егер бала жиі ашууланса".	Кеңес. "Қыын бала қайдан шығады?".